

---

## Л. ФЕЙЕРБАХТЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТЫНЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Г.З. Абдрасилова

Өз бойында әрі адами, әрі құдіретті қасиеттерді тылсым түрде үйлестіре білген «Құдай - Адам» ұғымын мифологиялық негізден аршып-ажыратып қарастыратын болсақ, руханилық пен материалдының біртұтастығының символын көреміз. Екі түрлі тіршілік сферасының дуализмі адам арқылы ғана көрініс беріп, Құдай мен адамның бір екендігі туралы тұжырымға орын береді.

Құдай образы - адамның идеалдандырылған өз бейнесі екендігі туралы Л.А.Фейербахтың қорытындысы осы тұжырымға негізделді. Адам - құдіретті болғысы келгендіктен Құдіретке сенеді. Өлімнен қорқатындықтан, өлгісі келмейтіндіктен ажалсыз - мәңгі өмірден үміттенеді. Нәпсіге бейім пенде болғанмен, рухани беріктікке талпынып, Мінсіздіктің бар екенін уағыздайды. Аз білетіндіктен, пайымы шектеулі болғандықтан, тану мүмкіндігі шексіз Құдіретті дәріптейді. Осылайша, Құдай арқылы адам ұмтылатын образ берілген. Жан ман тәннің тәуелділіктері, әлсіздіктері ығыстырылып, мінсіздендірілген. Бірақ Құдай - адамның жаттанған образы. Өйткені адам өзі армандаған образды өзінен бөліп алып, дербес тіршілік ретінде Құдайға ғана тән етіп сипаттап, өзінен алыстатып жатсындырған.

Дінге бағытталған сынды өз өмірінің мәні деп санаған неміс классигі осылай деп жариялады. Өз дүниетанымын Гегель ілімін қолдап-қуаттаудан бастаған Фейербах кейіннен ұстазының жүйесін «барлық идеалистік ілімдер сияқты, бұл да түптеп келгенде - дінді философиялық тұрғыдан негіздеу» деп тұжырымдады. «Өлім және ажалсыздық» деген атпен жариялаған кітабында адам жанының өлмейтіндігі туралы діни догматты терістегені үшін өмір бойына университетте дәріс беру құқығынан айрылып, 24 жыл бойына ғылымнан, мәдени орталықтардан қашықтағы деревняда, қайыршылықта күн кешті. Бірақ фамилиясы «отты тасқын», «алапат өрт» мағынасын беретін Фейербах өжеттікпен, алған бетінен қайтпай, ғылыми зерттеушілік әрекетін жалғастырды. «Менің бірінші ойым - Құдай, екінші ойым ақыл-ой, ал адам - менің үшінші және соңғы ойым болды» деп сипаттады өзінің идеялық эволюциясын Фейербах.

Христиандықтың терең де жүйелі сыншысына айналған оның «Христиандықтың мәні» атты әйгілі еңбегіндегі Адамды жаратқан Құдай емес, керісінше, Құдайды жаратқан адам екендігі туралы антихристиандық ойы кейіннен философтың кабіріне қойылған құлпытасқа ойылып жазылды: «Адам Құдайды өз бейнесі мен образына ұқсатып жаратты» /1/.

---

«Бостандықтағы адам мен абақтыдағының айырмашылығы - көлемдік көрсеткіште ғана. Екеуінің алғашқысы әлдеқайда кең абақтыға қамалған. Өз басым ол абақтыны әрдайым сезінудемін» деп күйіне жазған ойшыл мойынсұну мен табынуды талап ететін асқақ Құдіреттің болуы - «адам рухының арманы», ал Құдай туралы сипаттамалар - «өз бойымда болса ғой!» деген қиялдан туған адами қасиеттер екенін талмай негіздеді.

«Материализм» ұғымын («тұрпайы материализмдегідей») қолданудан қашып, ойлаудың болмысқа, материяның қозғалыс формаларын механицизмге тәуелді етуге қарсы шыққан Фейербах өз ілімін органицизм деп те атады. Бірақ діннің шығуының алғышарты адам санасы («науқас сана» - Л. Фейербах) екенін айтқанымен, «дертті сананың» әлеуметтік тамырлары - сол адам өмір сүріп жатқан қоғам екені туралы әлеуметтік тұжырым жасамады. «Табиғат аясынан алғаш шыққанда адам - адам емес, табиғаттың бөлшегі еді. Ал адам - адамның, мәдениеттің, тарихтың жемісі» деген ойлары болғанмен, адамаралық қатынастардың негізінде қоғамдық-тарихи құбылыстар жататындығын ашып айта алмады.

Философияның негізіне Фейербах антропологиялық принципті қойды. Бұл - болмыс пен ойлаудың антропологиялық тұрғыдан: құдіретті саналатын құбылыстың барлығының табиғи жолмен, фантастикалық жағдайлардың реалдымен, сезімнен тысқары көрінетіннің - тек сезім тұрғысынан түсіндірілуі. «Болмыс», «табиғат», «материя», «шындық», «реалдылық» ұғымдарының теңестірілуі. Мысалы, Фейербах пікірінше, ойлау және болмыстың барабарлығының негізінде адам тұр (Құдай емес!).

«Болмыс пен ойлаудың біртұтастығы - осы тұтастықтың негізіне субъект, яғни адам алынғанда ғана - мағынаға ие болып, ақиқатқа айналады» /2/. Сондықтан өз ілімін Фейербах «антропологиялық философия» деп атады. Гегель жүйесі бойынша «дүние дегеніміз өзін-өзі танитын Абсолютті идея» болса, Фейербах философиясының орталығында дүниені өзінің сезім мүшелері арқылы танитын адам тұр. Гегель адамды рухани тіршілік иесі ретінде қарастырса, Фейербахша, адам санасынан өзге құдірет жоқ. Осылайша Фейербах материя мен табиғатты теңестіріп, адамды тек табиғи тіршілік иесі ретінде ғана қарастырды. Кейінірек, ХІХ ғасырдың 2-жартысында марксистік философияда «әлеуметтік» дегеніміз «руханилық» ұғымына барабар еместігі, табиғи тұрғыдан немесе оның заңдары тұрғысындағы түсінікпен шектелмейтін, материяның айрықша әлеуметтік формасы болатындығы дәлелденді.

Адам мәні - оның сезімдерінің көптүрлілігінен, ал адам сезімдерінің көптүрлілігі - табиғаттың санқырлылығынан туындайды. Реалды дүние дегеніміз - сезім арқылы қабылданатын шындық. Дүниені тек сезімдер арқылы тануға болады. Философия - сезімге негізделген ғылым. Болмыстың бар екені оймен емес, сезіммен тексеріледі. Сезім органдары - философияның ор-

гандары. Сондықтан философия жаратылыстанумен, сезімдік мәліметтерге сүйенетін эмпириялық ғылымдармен одактасуы тиіс деп санады ойшыл.

Фейербахша, адам еркінің қозғаушы күші - бақытқа деген ұмтылыс. Өйткені адам өмірінің мақсаты - бақыт. Ал ондай ұмтылыс «борыш», «парыз» ұғымдарын тудырды. Өйткені «мен» - «сенсіз» бақытты тіршілік ете алмайды. Демек, адам бақыты сол адамның сүйіктілеріне тікелей байланысты. XVIII ғасырдағы француз материалистері сияқты Фейербах та парасатты эгоизм, яғни әрбір адамның дұрыс ұғынылған өз мүддесі қоғамдық мүддемен сәйкес келеді деп сенді.

Осылайша, Гегельдің объективті идеализміне қарсы қойылған Фейербахтың антропологиялық материализмінің негізгі қағидалары мыналар: тіршілікте бар шын реалдылықтар - табиғат және адам; адам - табиғаттың бөлшегі; адам - материалды мен руханилықтың бірлігі; адам - философияның басты пәні, мәселесі болуға тиіс; идея өз бетінше тіршілік етпейді, ол - сананың жемісі; Құдай - жеке және дербес реалдылық емес, ол - адам қиялының жемісі; табиғат (материя) мәңгі және шексіз, оны ешкім жаратпайды және ешкім жоя алмайды; бізді қоршап тұрғанның (нәрселердің, құбылыстардың) барлығы - материяның түрлі көріністері.

Христиандық догмаларды өткір сынға алғанмен, Фейербах дін атаулыны теріске шығаратын атеист болған жоқ. Бірақ жаңа діннің қайнарын тысқарыда деп емес, адамның өзінде, оның рухани дүниесінің ерекшелігінде деп білді. Сондықтан ол Құдайға бағытталған махаббат дінін адамға арналған махаббат дінімен алмастыруды ұсынды. Жаңа діннің басты ұраны «Адам адамға Құдай» болып, христиан дінінің орнына «адамқұдай» діні келуге тиіс деп сенді.

«Нағыз философия теология емес - антропология. Алдыңғы (гегельдік) философия «жоқ нәрсе ойлануыла алмайды» десе, жаңа философия «біз жақсы көрмейтін, жақсы көруге лайық емес нәрсе - тіршілікте де жоқ» дейді. Жаңа философия дегеніміз - теологияның антропологиядағы толық, абсолютті, сөзсіз еріп, жоғалуы. Теологияның құпиясы - антропология», деп жазды ойшыл /3/.

Осылайша, Л. Фейербах адам мәселесінде материалистік теорияны тұжырымдады. Өйткені, бір жағынан, адам дегеніміз - жаны мен тәні ажыратылмайтын психофизиологиялық тіршілік иесі. Жан мен тән «адам организмі» деп аталатын және адамзат дамуындағы белгілі звено, түйін болып табылатын реалдылықтың екі жағы. Сондықтан адам мәні көптеген индивидтерді табиғи түрде байланыстыратын ішкі жалпылық, «тек» ретінде қарастырылды.

Бір қарағанда Фейербахтың антропологиялық монизмі адамның «екіге бөлінуін» және «өзіндік жаттануын» ығыстыратын сияқты. Өйткені табиғат бізден тысқары, ал адамдарды біріктіретін басты күш өз бойымызда («сүйіспеншілік», «махаббат») екені баса айтылады. Адам реалды, кеңістіктік-уақыттық тіршілік иесі, өйткені ол ойлауға қабілетті табиғаттың бөлшегі. Ал табиғат - адамның табиғи биологиялық базисі.

---

Бірақ бұл позиция адамның әлеуметтік болмысын, тарихын, өткенін және қазіргімен байланысын қарастырғанда тым сенімсіз болып шығады. Өйткені тұлғааралық байланыстар, демек көптүрлі қоғамдық қатынастар адамдардың ақыл-сезімінен туындайтыны тұжырымдалады. Олар адами қатынастардың басты импульсі ретінде қарастырылады. Сондықтан адамдарды махаббат, мейірім, өзін құрбан ете алу тұрғысынан қарастыру қажеттігі туады. Өйткені Фейербахтың антропологиялық материализмі табиғи тіршілік ретіндегі адам руханилығын мәртебелендіреді.

Осылайша, Фейербах философияда адамға деген абстрактылы-антропологиялық қатынас қалыптастырды. Ондай түсінік адамның әлеуметтік-тарихи, белсенді әрекеттік немесе практикалық табиғаты мен мәнін түсінбеуден туындады. Өйткені адамды натуралистік тұрғыдан түсіну жеткіліксіз. Адамды өзін-өзі танитын табиғат бөлшегі ретінде қарастыратын болсақ, адамның әлеуметтік сипаты ескерілмей қалады. Осылайша, Фейербах ілімінде адам туралы жаңа теория жасаудағы натуралистік антропологияның шарасыздығы көрініс берді.

Индивидуалды болмысты абсолюттендіру адам сипатының екі жағын «тіршілік» және «мән» деп екіге бөледі. Бұл - адам туралы бейтарихи концепцияға - индивидуалистік философияға әкеліп тіреді. Егер субъективті бастаманың дербестігі мен автономдығын баса айтар болсақ, онда адам объективті дүниедегі мәнді байланыстардан алыстайды, адам табиғаты мен адам мәніндегі болмыстықтың, әлеуметтіліктің жалпылығы, маңыздылығы ескерілмейді. Адамдағы рухани және қоғамдық құрамдарды бөлу, ажырату мүмкін емес. Өйткені ондайда адам - адам ретінде жойылады.

Адам туралы концепция жасау үшін алдымен оның табиғатын, мәні мен тіршілігі туралы сұрақтарға негіз болатын методологиялық принциптерді анықтау, белгілеу қажет.

Адам - белгілі биологиялық қажеттіліктерге, функцияларға, инстинктерге, психикаға ие табиғи-биологиялық жаратылыс. Бірақ адам мәні биологиялық тіршілік-әрекетке ғана тең емес. Өйткені адам өмірінің басты ерекшелігі - адамның әлеуметтік тіршілік иесі болуында. Адамдағы мақсаттылық, жоспарлы әрекет, өнер туындыларын жасау қабілеттері әлеуметтік эволюцияның, нақты тарихи-қоғамдық байланыстар мен қатынастардың, тарихи дәуірлер мен өркениеттердің нәтижесі. Адам мәні өзі өмір сүріп отырған қоғамнан тыс түсіндіріле алмайды. Адам материалды және рухани мәдениет дамуының, тарихи процестің жемісі және субъектісі. Ол табиғат пен тарихтың бірлігі, әлеуметтік ортаның, белгілі қоғамдық қатынастар жиынтығының жемісі және сонымен қатар олардың жасаушысы. Адам мәнін анықтау адамның адам ретіндегі болмысының анықтаушысы және ажырамас факторы не болып табылатындығын, оны адам етіп тұрған не, адамзат атаулыға тән қасиеттерді жанартып және толықтырып отыра-

тын сарқылмас қасиеті не екенін түсінуге мүмкіндік береді. Адам өмірінің мәңгі және табиғи шарты еңбек болып табылады. Еңбек белгілі қоғамдық қатынастар жағдайында іске асады. Табиғатты өзгерту нәтижесінде қоғамдық қатынастар мен байланыстар да өзгереді. Осылайша, адам өзі тіршілік ететін жағдай мен алғышаттарды өзгертеді. Нәтижесінде адам мәнінің мазмұны өзгерумен болады. Қоғамдық-тарихи практика барысында ол жаңа нақты-тарихи мазмұнмен байытылады. Адамның әлеуметтік іс-әрекет түрлеріне қатысуы - жалпылық белгі, адамның универсалды тектік мәнінің көрінісі. Адам мәнінің жалпы даму тенденциясы оның әлеуметтік тенденциясының өсуіне байланысты. Әлеуметтік адамның практикалық процесс барысында жинайтын тәжірибесі - берілген формацияның, өркениеттің материалды-рухани өмірінің деңгейіне байланысты. Яғни, адам - тарихи процестің объектісі және субъектісі, жер бетіндегі материалды-рухани мәдениет дамуының айрықша нәтижесі, биоәлеуметтік құбылыс, табиғат пен қоғамның бөлшегі. Сондықтан ол қысқартылған, жалпыланған түрде материалды дүниенің ұланғайыр көптүрлілігін бейнелейді. Адам дүниемен тығыз байланысты. Адам жасайтын дүние де осы дүниеге еніп жатыр. Сондықтан бұл дүние адамға жат та, жау да емес. Адамның табиғатпен ішкі туыстығы идеясы адам өмірі мағынасын тіпті басқаша түсінуге мүмкіндік береді. Қоғам - қоғамдық арақатынастардың белгілі нәтижесі ретінде адамды «жасайды», ал адам өз кезегінде қоғамды «құрады». Табиғи орта мен әлеуметтік ортаны өзгерте, қайта жасай отырып адам өз тіршілігі мен өз дамуына объективті жағдай тудырады. Осылайша өмір, тарих - адамдар әрекетінде, материалды мен идеалды арасында үздіксіз қайта шешіліп, жаңарып отыратын қайшылықтар тізбегі. Осы қайшылықтардың екі жағы арасындағы гармонияға қол жеткізу адамзат тарихының мағынасын құрайды.

Адам мәні оның тіршілігіне тең емес. Бірақ бұдан адам мәні оның индивидуалды тіршілігіне тең деген қарама-қарсы пікір тумайды. Қоғамдық өмірмен қатар әрбір адам индивидуалды өмір сүретіні рас. Бірақ адам мәні әлеуметтік тұрғыдан анықталатындықтан әрбір индивид - қоғамдық тіршілік иесі.

Адамның қоғамдық мәні индивидтің индивидуалды ойлау ерекшеліктерінен көрінеді. Әлеуметтік мәні бар қасиеттердің белгілі жиынтығы қайталанбас тұтастықты - адамның өзіндік ішкі дүниесі мен жеке мүдделері бар адам тұлғасын құрайды.

Адам әлемінің мазмұны - дүниетаным, кәсіптік білім, дағдылар, эмоционалдық деңгейі, мінезі, ойлауы, құндылықтар мен мотивтер жүйесі, табиғи, туа берілген мән болып табылмайды. Олар белгілі мәдени ортада ғана пайда болып, қалыптасып, басқа адамдармен қарым-қатынаста көрініс береді.

- 
1. Фейербах Л. Соч. В 2-х т. Т.2. - М.: Наука, 1995. - С. 188.
  2. Фейербах Л. История философии. Собрание произведений в трех томах. М.: Мысль, 1967. - Т.2. - С. 368.
  3. Гардинер П. Кьеркегор. Очень краткое введение. - М.: Астрель: АСТ, 2008. - 192 с. ("Оксфорд")

**Абдрасилова Г.З.**

**Социально-философский анализ антропологического принципа Л. Фейербаха**

В статье проанализирован антропологический принцип материалистической философии последнего представителя всемирной классической эпохи Л. Фейербаха, который оказал большое влияние на мыслителей-западников (в частности на Г.В. Плеханова) и был заимствован потом Н.Г.Чернышевским в его работе «Антропологический принцип в философии».

**Abdrasilova G. Z.**

**Social-Political Analysis of the Feirbach's Anthropological Principle**

The antropological principle of the materialistic philosophy of the last representative of world classical era of Feirbach, which greatly influenced on the thinkers-Westerners (in particular Plehanov G. B.) and was adopted later by Chernyshevskii N. G. in his work «Antropological principle in philosophy» is examined in the article.